

ҮЗДІКСІЗ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Есильбаева А.К., Хамитова Қ.К.,

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Экологиялық мәселелер - ең маңызды өмірлік мәселелердің бірі, өйткені әңгіме адамның ғұмыр кешетін ортасы жайында, болашақ ұрпақтарының өмірі туралы болып отыр.

Ш. Айтматов

Адам-табиғат перзенті. «Табиғат-ана», «Жер-ана» деген тіркестердің болуы тегін емес. Табиғат өздігінен пайда болған дүние, яғни бізді қоршаған орта. Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды. Адамның санасыз әрекетінің арқасында табиғаттың тозуы-экологиялық дағдарыс туындады.

Жер мен суды, аң мен құсты, ауа мен адам ағзасын оңдырмай бүлдіріп, соның сазайын тартып отырған қазіргі кезде «Бұзбақ оңай, жасамақ қиынның» мәнін түсінгендейміз. Есепсіз қолданылған химикаттан мәңгілік мекен-құнарлы жеріміз тозып, істен шығып, ал ластанған су мен ауадан азық-түлігіміз, асқазанымыз бүлініп, көгімізден тұз жауып, көкірегімізді ыс қауып ұрпағымыз аза бастағанда барып «Табиғат тағдыры – адам тағдыры» екеніне көзіміз жетейін деді. Экологиялық надандықтың салдарынан экологиялық дағдарыс деген қайғылы сөз жиі айтылуда /6/.

Экологиялық дағдарыстың неғұрлым қауіпті көріністері:

1. Аймақтың техногенді шөлейттенуі.
2. Топырақтың тозуы.
3. Су ресурстарының тартылуы
4. Атмосфераның ластануы.
5. Ормандардың сиреуі.
6. Табиғаттың генетикалық қорының бүлінуі.
7. Тіршілікке қауіп төндіретін қауіпті табиғи құбылыстар мен өнеркәсіп апаттарының белең алуы.
8. Жинақталған улы қалдықтардың қоршаған ортаға терең зиянын тигізуі.

Табиғат- адамның күнкөріс көзі. Бірақ оны есеп қисапсыз шашып төгіп, ластап, бүлдіріп пайдалануға тиіс емеспіз. Ол-келер ұрпақтардың мекен –тұрағы, несібесі, көзбен көріп қызықтап, көңіл тойдыратын қуанышы.

Сондықтан бүгінгі ұрпақ келешектегі ұрпақтардың несібесін есепсіз жеп тауысып, бүлдіріп кетсе, күнәнің үлкені сол болары хақ.

Қолмен істегенді, мойынмен көтеретін кез келді. Ендеше, «Үйірсіз құс болмас, жалғыз ол кез келген аңға жем болады. Қасқыр да үйірімен күшті. Жалғыз бұлақ әлсіз, көптеген бұлақ өзенге айналса, ол тасты жарып, тауды бұзады!» деп, Төле би көрегендікпен айтқан. Ел біріксе алынбайтын қамал, жеңілмейтін қиындық, шешілмейтін түйін жоқ /7/.


Бала алдымен отбасында, балабақшада, одан соң мектепте болады. Сол кездері табиғатқа мейірбандықпен қарауға, оны тағылықпен бүлдірмеуге, суық қолдардың білгенін істеулеріне жол бермеуге тәрбиелеу арқылы бәрін қайта қалпына келтіруге болады.

Бұған қол жеткізу жолы-жүйелі, үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру.

Бүгінгі таңда, жас ұрпаққа үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі мемлекеттік деңгейде қойылып отыр. Ол «Қазақстан–2030» даму стратегиясында басты орын алады.

Экологиялық білім берудің мақсаты-жеке адамның бойына табиғатқа деген ізгілік қатынастарды қалыптастыра отырып. *адам→қоғам→табиғат* арасындағы толық үйлесімділік рухында тәрбиелеу /6/.

Экологиялық білім беру сатылары



Адам шыр етіп дүние есігін ашқан күннен бастап, табиғатпен етене жақын өмір сүреді.

Қазіргі таңда география, биология, физика, химия т.б. пәндер экологиялық мазмұндағы тақырыптарды экологиялық білім беруде. Экологиялық мәселені ғаламдық жағдайда қозғап отырған оны жеке адам, жеке мемлекет өздігінен шеше алмайды. Сондықтан оны дүниежүзілік және отандық тәжірибелер көрсетіп отырғандай көпшілікке жаппай экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы жүзеге асыруға болады /1/.

Экологиялық білім мен тәрбие берудің мақсаты:

- Қоршаған ортаға жауапсыздықпен қараушыларға жол бермеу.
- Жастардың бойында экология мәдениет дағдысын қалыптастыру.
- Қоғамдық пайдалы еңбек және еңбек тәрбиесі арқылы табиғатты қорғау, күту және жақсарту.

- Экологиялық білімді насихаттау.

Экологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты – жастардың экологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа үлкен парасаттылық, жауапкершілік, қарым-қатынас қалыптастыру. Осы тәрбие арқылы адамның мәдениеттілік сезімі, экологиялық санасы қалыптасады.

Экологиялық тәрбиенің басты міндеттері:

- өмірде және нақты іс-әрекетінде экологиялық білімді қолдана білу, іскерлікке төселу;
- табиғатты қорғау және өзгертуге байланысты оқушыларды жаппай қоғамдық пайдалы еңбекке қосу;

- мектепте экологиялық білім және тәрбие қоғамын ұйымдастыру;

Ең басты міндеттердің бірі – оқушыларды табиғатты қорғау мәселелері туралы ғылыми теориялық және тәрбиелік біліммен қаруландыру.

Экологиялық тәрбие еңбек тәрбиесімен байланысты, өйткені өндірістік іс-әрекеттің барысында адам жерді пайдалану негіздерін, топырақты эрозиядан қорғауды игеру, дақылдарды суару мөлшерін, минералдық тыңайтқыштарды, улы химиялық заттарды беру мөлшерінің мерзімін технологиялық талаптарға сәйкес есепке алып отырады. Оқушылардың экологиялық білімнің белгілі жүйесін игеру, табиғатты қорғауы, жербайлығын тиімді пайдалануы экологиялық мәдениетті жетілдіріп, дүние тану көзқарасын қалыптастырады

Оқыту процесіндегі экологиялық тәрбие. Экологиялық білімнің негізгі көздері: химия, физика, биология, география, астрономия пәндері, олардың бағдарламаларындағы оқу материалдарын дәрістерде терең түсіндіріп, сыныптан және мектептен тыс экологиялық жұмыстарда тиімді қолдана білуге оқушыларды үйрету және дағдыландыру – мұғалімнің міндеті.

Экологиялық тәрбие жұмыстарының түрлері:

1. Ауыл мектептерінің оқу-тәжірибе алаңын бағалы ағаштар тұқымының көшеттерін өсіріп, көгалдандыруға пайдалану.

2. Мектеп оқушылары мемлекеттік орман шаруашылығына үнемі көмек көрсетіп отырады. Олардың негізгі атқаратын жұмыстарының түрлері: көшет материалдарын өсіру, ағаштар отырғызу, оларды күту, өрттен, ұрылардан қорғау, орман-тоғай зиянды жәндіктермен күресу.

– дәрі өсімдіктерін дайындау, жидек, саңырау-құлақ, т.б. жемістерді жинау;

– пайдалы жануарларды қорғау және есебін алып отыру;

– фенологиялық бақылау жүргізу.

3. Оқушылар ауылшаруашылық тәрбие жұмысымен айналысады.

4. Оқушылар табиғатқа зиян келтіретін адамдармен күреседі, қорықтағы ережені бұзшыларды анықтайды, химиялық улы заттарды, минералдық тыңайтқыштарды сақтау және қолдану ережелерін бұзушыларды әшкерлейді.

5. Экологиялық тәрбиеге байланысты мектепте жаппай шаралар ұйымдастырылады. Олар: кештер, дәрістер, баяндамалар т.б.

6. Жалпы білім беретін мектептерде экологиялық білім мен тәрбие әр түрлі сыныптардағы оқу пәндерінің мазмұны, қоғамға пайдалы жұмыс және өндірістік еңбек арқылы іске асырылады.

Экологиялық қоғамның мақсаты: қоғам мүшелерін өздері тұрған аймақтың табиғатын қорғауға, күтуге тәрбиелеу, зерттеу жұмысына тарту, зерттеуді жүргізудің әдістері мен тәсілдеріне үйрету, мектепті экологиялық жұмыстың орталығына айналдыру.

Қоғам мүшелері мектептегі жастар ұйымымен ынтымақтасып, тұрғылықты жерде экологиялық штабтар құрады, жорықтар, саяхаттар ұйымдастырады. Экологиялық деректерді, ғылыми мағлұматтарды білім және тәрбие процесінде пайдалану мұғалімнің білімділігіне, педагогикалық шеберлігіне, жоғары мәдениеттілігіне байланысты.

Экологиялық тәрбие оқушылардың – табиғатқа жаңаша көзқарасын қалыптастырып, әр түрлі нысандарда жүргізіліп, жеке тұлғаның эмоциялық сезімдік әлемін қалыптастыруға бағытталып, адамгершілік, жауапкершілік қасиеттерін жетілдіреді.

3. Экология жөніндегі сабақтан тыс тапсырмалар.

Оқушылардың экологиялық білімін қалыптастыруда үйірме жұмыстардың педагогикалық маңызы зор. Талғар қаласындағы бір мектепте үйірме жұмыстарының бағдарламасына айналадағы ортаны қорғау жөнінде мынадай тақырыптар енгізіліпті:

1. Жерді тиімді пайдалану мен оның сапалығын қорғау (6 сағат).

Топырақтың физикалық қасиеттері. Топырақ қабаттарының пайда болу процестері. Топырақ қабаттарының қалыптасуына жер бедерінің әсері. Жерді тиімді пайдалану. Сумен желдің әсерімен топырақтың эрозияға ұшырауы.

Эрозияның қолайсыз көріністері мен зардаптары және оған қарсы күрес, бұған оқушылардың ат салысуы. Топырақ қабаттары бүлінуінің негізгі көздері және оған қарсы күрес.

Іс-тәжірибелік сабақ: жергілікті жердегі топырақ эрозиясының түрін анықтау мен оны жоюдың жолдарын көрсету.

2. Орман мен жаңадан отырғызылған балауса шыбықтарды қорғау (6 сағат).

Орман мен жаңадан отырғызылған балауса шыбықтардың адам өміріндегі маңызы: ауаның оттегімен баюы, бөгде айқай шудың бәсең тартып, семуі, фотосинтезделуі, адамның мінез құлқына сезімдік жағымды әсер етуі. Өсімдіктерді қорғау. Ормандағы өрт және оны болдырмаудың жолдары.

3. Өзен, көлдерді қорғаудың проблемалары (10 сағат). Табиғи судың экологиялық қасиеттері. Судың ауаға ұшып, жерге сіңуі. Судың ласталуы және оған қарсы күрес.

4. Ауаның тазалығын сақтау (5 сағат).

Ауа қабаттары мен оның құрамы. Ауа қабаты және жердегі тіршілік. Ауаның ластануы. Жердегі ауа райына адамның өндірістік қызметінің ықпалы. Ауаның ластануына қарсы кү-

рес. Қазақстандағы "Невада", қозғалысы. Іс-тәжірибелік сабақ: метеорологиялық құралдарды пайдаланып жұмыс істеуге машықтану.

Пәндер бойынша экологиялық экскурсияға шығару.

Экологиялық мәселелердің нақты іс-тәжірибесімен танысу мақсатында ауылшаруашылық немесе өндірістік объектілерге алдын ала жан-жақты ойластырылып, методикалық жағынан дұрыс ұйымдастырылған экскурсия оқушыларға экологиялық білім берудегі ең басты міндеттердің бірін шешуге, қазіргі заманғы, өндірістердің ғылыми негізін терең түсінуге, табиғат пен қоғам, арасындағы өзара қарым-қатынастардың проблемаларын молырақ білуге ықпалын тигізеді. Мұндай экскурсия оқушыларға қазіргі заманғы өндірісте ғылыми білімнің зор роль атқаратынын танытады. Оқушылар экскурсия барысында жұмысшылардың қалайша аса дәлдікпен, тиімді жұмыс істеп жатқанын, материалдардың, электр энергиясын, уақытты қалайша үнемдеп жатқанын өз көздерімен көріп, өндірістің жаңашылдарымен кездеседі. Мұндай кездесулер оқушыларға адамгершілік жағынан да өте зор әсер етеді.

Бұған нақты мысал ретінде жылу электр станциясына (жэс) жасалған экскурсиялардың методикалық жақтарын қарап өтелік.

Дүниетанулық семинарлар.

Семинарлардың өзге оқу сабағын ұйымдастыру үлгілеріне қарағанда өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда, ең алдымен, оқушылар көркем әдеби шығармалармен өз бетінше жоғары деңгейде жұмыс атқаратындай болуы керек. Атап айтқанда, бірнеше шығарманы оқып, бірнеше басылымдарда бір мәселенің қалай көрініс тапқанын салыстыра білуге, өзіндік тұжырым жасай білуге, жоспар жасай білуге, баяндама мен рефераттардан тезис, конспект жасай білуге, хабарлама жасай білуге тиіс.

Семинарлық сабақтар жоғары класс оқушыларын өз бетінше білім алуға дағдыландыруда, бұған деген күш-жігерін, ықыласын қалыптастыруда, алған білімін іс жүзінде творчестволықпен қолдануында маңызды орын алады.

Семинар сабақтарына қажетті тақырыптарды оқушылардың ұғымына лайықтап, оқу құралдарындағы материалдарды тереңдете түсетіндей етіп және алған білімді экологияның кез келген мәселесін түсіндіруге өз бетінше қолдануға мүмкіндік беретіндей етіп тандау қажет. Семинарлық сабақтарға мынадай тақырыптарды ұсынуға да болар еді:

"Совет пен шетел ғалымдары бейбітшілік пен табиғатты қорғау күресінде".

"Айналадағы ортаны ластайтын негізгі көздер".

"Табиғат байлықтарын ұтымды пайдалану".

"Космосты игеру және табиғатты қорғау".

"Биосфера және айналадағы ортаны қорғау "

"Табиғатқа антропогендік ықпал ету",

"Ғылыми-техникалық прогрестердің зардаптары және оларды шешудің жолдары".

Семинар басталғанға дейін алдын ала оқушыларға осындай тәсілмен сабақ оқудың ерекшелігін әңгімелеп, реферат, баяндама, конспект жазып, хабарлама жасаудың жай-жапсарын түсіндіріп, қосымша жұмыстарды қалай атқарып, библиографиялық ескерткіштер мен каталогтарды қалай пайдалану жөнінде айтып берудің маңызы зор. Семинар сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз ету үшін тиісті әдебиеттерді оқып шығу жөнінде, оқыған кітаптарды тізімдеп отыру жөнінде, баяндамалардың әңгімесі негізінде өздерінің сын-ескертпелерін, ұсыныс-пікірлерін жазып отыру жөнінде оқушыларға ақыл-кеңес беру қажет.

Талқыланған материалдарды дұрыс түсініп, терең қабылдауы үшін сөз болатын мәселе жайында шолу жасаудың да, баяндамалар мен хабарламаларды нақпа-нақ, дәл тұжырымдап, оған баға берудің де маңызы ерекше /4/.

Оқушыларға сыныптан тыс экологиялық білім мен тәрбие беру.

Мақсаттары:

Оқушыларды сезімталдық қасиетке баулу (мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап табиғат сұлулығын көріп – тани білуге) яғни, экономикалық мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Оқушылар бойында қоршаған ортаны қорғау және онымен жарасымды қатынас жасауда оның өмірлік көзқарасын қалыптастыру (бүгінгі таңда адамзат қоғамының қоршаған ортаға тікелей байланыстығы көбеймесе, азайып отырған жоқ, сондықтан жастардың табиғат жай – күйіне жауапкершілігі де арта түсетіне көздерін жеткізу), яғни, адамзаттық – әдептілік тәрбиесін беру.

Жас ұрпақтарға сыныптан тыс экологиялық білім мен тәрбие беруде жалпы білім беретін орта мектептердегі жеке пәннің мүмкіндіктерін, жолдарын көрсе отырып, оның ең ұтымды жағын пайдалануымыз керек. Табиғатты сүюге, қорғауға бағытталған экологиялық тәрбие беру /7/.

Негізінде жаратылыстану ғылымдарында оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие берудегі алғашқы қарапайым түсініктерді оқып үйренідің маңызы зор. Ал қазіргі мектептерде берілетін жаратылыстану сабақтарындағы экологиялық білім мен тәрбиені жергілікті жердің табиғатынан бастап оқыту оқушыларға үлкен білім мен тәрбие беру негізі.

Экологиялық тәрбие беру бағытында сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор. Оның көптеген түрлері мен формалары бар. Олар:

- мұғалім әңгімесі;
- диспут өткізу;
- экологиялық әдебиеттер мен басылымдарға шолу;
- тақырыптық кештер өткізу;
- компьютерлік экологиялық ойындар;
- ғалымдармен кездесу;
- конференция;
- ғылыми жобалар;

үйірмелер ұйымдастыру (оқушылар өз бетімен белсенділігін көрсете алады).

Оқушыларға сыныптан тыс экологиялық білім мен тәрбие беру мүмкіндігі не бермек?

- Жаратылыстану ғылымдарынан алған білімдерін тиянақтауға;
- Табиғатқа деген сезім құштарлығын арттыру;
- Табиғатпен тікелей байланыста болу нәтижесінде дұрыс мінез – құлықтың, саналы қарым - қатынастың қалыптасуына.
- Табиғат байлығын күтіп баптауға, бақылауға, ұқыпты қарауға баулиды. Қазіргі әлемде экологиялық мәселелер өзінің қоғамдық мәні жағынан ең алдыңғы қатардағылардың біріне айналды. Мысалы: жоғары 10-11 сыныптар үшін.



Экологиялық білім мен тәрбие нәтижесін үш түрге бөлуге болады:

1. Оқушыларға экологиялық білім туралы ой саламыз.
2. Жеке өз бетінше ізденушілікке бағыттаймыз.
3. Зерттеушілік қабілетін дамытамыз.

Табиғат компоненттері өзара үйлесіммен құралған, оның даму жолының өзіндік заңдылығы бар. Қазіргі экологиялық дағдарыстың түпкі себебі осы заңдылықты білмеуде, түсінбеуде, оған жөнсіз орналасуда жатыр. Осыдан табиғаттың зат және энергия алмасу жүйесі бұзылады. Сондықтан әрбір қоғам мүшесі табиғат құбылыстары негізімен аздап болса да таныс болуы керек. Экологиялық сауатсыздықты жою шаралары үкіметіміздің халық арасында жүргізетін негізгі бір жұмысына айналуы тиіс /3/.

Экологиялық білім жүйесінің үлкен бір міндеті – жалпы халыққа білім ментәрбие беру. Біздің елімізде табиғатты күтуге, оның байлықтарын тиімді пайдалануға әлі көп үйренбеген. Кез келген жерде орман ағашын шауып ала береді, тіпті ағаш шапқан жерді де тазалап кетпей, оның бұтақтарын сындырып, орнын қоқысқа айналдырып кетеді. Табиғат аясына демалуға шыққан топ ішкен тамақтарының қалдығы мен босаған ыдыстарын, қағаз қалдықтарын сол жерге тастап кетеді. Осының бәрі табиғатты аямаушылықтың, жауапкершілікті сезінбеудің әсері. Сондықтан оқушыларға сыныптан тыс экологиялық білім мен тәрбие өте қажет.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан мектебі. №122.
- 2 Білім кілті. №4-63.
- 3 Білім әлемінде. – 2014. – №1.
- 4 Биология мен экологияны оқыту әдістемесі: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. – 2013. – №4, 5.
- 5 Биология және салауаттылық негізі. – 2013. – №5, 6.
- 6 География және табиғат. – 2005. – №3.
- 7 География биология экология. – 2010. – №1.

ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ

Жакаева К.А.,

Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай

В условиях интенсивного развития научно-технического и гуманитарного прогресса в системе образования происходят разнообразные инновационные процессы, внедряются новые инновационные модели и технологии обучения. Инновационный характер образования становится важнейшим инструментом в его конкуренции с другими социальными институтами.

Под инновациями в образовании понимается процесс совершенствования педагогических технологий, совокупности методов, приемов и средств обучения, обеспечивающий решение задач модернизации системы высшего профессионального образования. Инновационные процессы в образовании существуют не изолированно друг от друга, а взаимодействуют между собой. Эта тенденция обусловлена интеграционными процессами в науке и образовании, в формировании современного стиля научного мышления человека.

На современном этапе развития нашего общества главной задачей высшего учебного заведения является подготовка творчески мыслящей молодежи, способной адаптироваться, успешно трудиться в современном обществе. Решение этих проблем во многом зависит от содержания и технологии обучения будущих специалистов. В современной системе обучения в высшей школе наряду с традиционными методами и приемами обучения используются различные инновационные методы.

В педагогическом процессе инновационные методы обучения предусматривают введение новшеств в содержание и формы обучения и воспитания, в совместную деятельность преподавателя и учащегося. Они могут быть специально спроектированными, уже разработанными или вновь появившимися благодаря педагогической инициативе. В современной психолого-педагогической литературе отмечается, что инновационные методы получают отражение во многих технологиях обучения, направленных на развитие и совершенствование учебно-воспитательного процесса и подготовку специалистов к профессиональной деятельности в различных сферах жизни современного общества. Они создают условия для формирования и закрепления профессиональных знаний, умений и навыков у студентов, способствуют развитию профессиональных качеств будущего специалиста.